

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№289

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы М.а. Пулатов Нурмахан Сапарбекович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын Skyline - Трофимова Валентина Сергеевна, свидетелства негізінде әрекет ететін Басшысы Трофимова Валентина Сергеевна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2018-02-23» жыл № 2183309-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 7 508 137.00 (жеті миллион бес жүз сегіз мың жүз отыз жеті тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару ай сайын арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);



4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 225 244.11 ((екі жүз жиырма бес мың екі жүз қырық төрт тенге он бір тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 225 244.11 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

Мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, «Астана Банкі» АҚ, № ASFBKZKA , KZ214500339870005997 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес веб-порталда электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта не электрондық құжат нысанында банктік кепілдік. Банктік кепілдікті электрондық көшірмесін веб-порталға орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынылған кезде банктік кепілдіктің түпнұсқасы қағаз тасығышта тапсырыс берушіге ұсынылады.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды



және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.



4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1 данада ;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар



Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың



жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2018-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара



бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.



11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер



Тапсырыс беруші:
"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы
г.Астана, Александра Пушкина, 37/2
БСН 960240000570
БСК КСJBKZKX
ЖСК KZ25856000000004975
"Банк ЦентрКредит" АҚ
Тел.: 54-15-72, 57-35-94
Басқарма төрағасы М.а. Пулатов
Нурмахан Сапарбекович

Өнім беруші:
Skyline - Трофимова Валентина Сергеевна
Актюбинская область, Актюбе Г.А.,
г.Актюбе, пр. Алии Молдагуловой, 56Г,
205
БСН/ЖСН 850108403084
БСК KZKOKZKX
ЖСК KZ4592601015FY403000
"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ
Тел.: 87711221242
Басшысы Трофимова Валентина
Сергеевна

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 2183309-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
4891645	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Сайлентблок	руль тартқышы, жүк автомобилі үшін	Сайлентблок реактивных тяг Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	50	15 555.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (50)	0	777 750.00
4888432	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Сайлентблок	руль тартқышы, жүк автомобилі үшін	Сайлентблок реактивті тарту күші Man Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	8	14 775.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (8)	0	118 200.00



4888537	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Подшипник	генератордың, жүк автомобилі үшін	Подшипник генератора 202 MAN Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	6	5 555.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (6)	0	33 330.00
4888542	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Прокладка	дизельдік қозғалтқышқа арналған, цилиндр блогының бастиегі, жүк автомобилі үшін	Комплект прокладок головки блока MAN Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	5	33 333.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	166 665.00
4888552	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Подшипник	тұтасу, ұстасу, жүк автомобилі үшін	Подшипник выжимной Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	10	44 444.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	444 440.00
4888571	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Диск	для автобуса, сцепления	Ілінісу пластинасы Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	4	88 888.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (4)	0	355 552.00
4888514	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Подушка	пневматикалық, автобусқа арналған	пневматикалық жастықша Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	20	13 555.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	271 100.00



4888538	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Прокладка	клапандардың қақпақтары, жүк автомобилі үшін	Қақпағының астына төсем клапан Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	4	28 776.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (4)	0	115 104.00
4888416	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Компрессор	для тормозной системы, для автобуса, поршневой	2010 жылы шығарылған Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678 автобусы үшін Компрессор жүйесінің тежегіш, Шасси нөмірі (VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	2	225 000.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (2)	0	450 000.00
4888524	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Лампа автомобильная	тип цоколя НЗ, галогеновая	Авто-шам НЗ 24V	Дана	1000	300.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (1000)	0	300 000.00
4891644	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Ролик	для грузового автомобиля, натяжной	Ролик натяжной генератора Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	6	19 755.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (6)	0	118 530.00



4888419	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Указатель	поворота, для грузового автомобиля	Указатель поворота передний правый/левый Mercedes-Benz Intouro (VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	10	8 888.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	88 880.00
4888423	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Сальник	для грузового автомобиля, ступицы,	Сальник задней ступицы с кольцом для датчика ABS Man Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	8	17 776.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (8)	0	142 208.00
4888492	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Автомобильдік шам	цокольсыз, галогенді	Автомобиль автошамы 3W 24 V	Дана	2000	140.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (2000)	0	280 000.00
4888553	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Датчик тормозной	жүк автомобилі үшін	артқы датчигі ABC MAN Lions City (VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	4	28 888.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (4)	0	115 552.00
4888578	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Датчик тормозной	жүк автомобилі үшін	алдыңғы датчигі ABC MAN Lions City (VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	4	35 555.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (4)	0	142 220.00



4891641	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Ролик	для грузового автомобиля, первичного вала коробки передач	Ролик обводной Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	6	14 444.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (6)	0	86 664.00
4888437	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Тяга	рулевая, для грузового автомобиля, поперечная	Рулевая тяга поперечная Man Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	2	72 222.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (2)	0	144 444.00
4888546	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Комплект ремонтный	фильтра очистки масла, для грузового автомобиля	Жиынтығы сүзгіні ауыстыру MAN Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Комплект	10	14 776.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	147 760.00
4891642	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Ремень	для автобуса, привода компрессора	Ремень 1450 Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	40	4 755.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (40)	0	190 200.00
4888510	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Жөндеу жиынтығы	жүк көліктері үшін, қозғалтқыш үшін	Компрессордың жөндеу жиынтығы Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Комплект	4	16 666.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (4)	0	66 664.00



4888517	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Маховик	дизельдік қозғалтқыш үшін, жүк автомобилі үшін	Маховик Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	5	177 776.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	888 880.00
4888491	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Колодка	тормозная, для автобуса, передняя	Тежеу колодкалары/алдыңғы /дискілі Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	40	21 600.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (40)	0	864 000.00
4888495	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Диск	для автобуса, сцепления	Нажимной диск сцепления Mercedes Benz Intouro(VIN CODE) WEB63305213253678	Дана	6	111 111.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (6)	0	666 666.00
4888540	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Поршень	дизельдік қозғалтқыш үшін	Поршень ДВС MAN Lions City(VIN CODE) WMAA78ZZX9T013872	Дана	6	88 888.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, А.Пушкин көшесі, 37/2 (6)	0	533 328.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№289

Акционерное общество "Автобусный парк N 1", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает И.о. Председателя правления Пулатов Нурмахан Сапарбекович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Skyline - Трофимова Валентина Сергеевна, именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Трофимова Валентина Сергеевна, действующий на основании свидетельства, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Открытый конкурс» от 2018-02-23 года № 2183309-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 7 508 137.00 (семь миллионов пятьсот восемь тысяч сто тридцать семь тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика ежемесячно не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых Товаров, в количественном и стоимостном выражении оговорен в Приложении 1 к Договору.

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;
- 3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);



4) отчет о местном содержании в товарах (представляется после полного исполнения договорных обязательств) по форме согласно приложению 22-4 к Правилам;

